

Казак вальсінін күдіреті, белгілі композитор Шәмші Калдаяковтын 85 жаска толган еске алу кешін ОК облыстык арнайы козі кормейтін және әлсіз коретін азаматтарга арналган кітапханасында казак және орыс тілдерінде тебіреніспен атап оттік. Казак халкында «Шәмші, Шәмшінін әні» десе ішкен асын жерге коймайтын жан жок.

Кітапханашылар О.Русинова және Л.Абжаппарова «Үйықтап жаткан жүректі ән оятар» деп Абай атамыз жайдан-жай айта салмаган шыгар. Ән мен жаннын озара үйлесімінен аскан гажайып әлем бар ма екен? Жан жүректі жылытатын да жүбататын да осынау сикыр сазды, тылсым назды, күпия күдіретті дүрия дүние емес пе? Осындай создермен композитор Шәмші Калдаяковтын оленге деген махаббатын айтып отті.

Адам жүрегін тебірентетін сезімдердін кайсысы болмасын – асыл ана, ардакты әке, молдір сезім, шынайы махаббат- осынын бәрі Шәмші әндерінін такырыбы десек – артык айткандык емес.

Шәмшіге айт, тагы бір тандандырсын.

Жандандырсын жүректі, жандандырсын !

Мәнгілік махаббатын айта жүрер,

Мәнгілік олмейтугын ән калдырсын - дей келе, автордын оз омірінін кезендерінен алынган сазды олен «Сыган серенадасы» әуені шыркалды.

Окырмандар назарына Шәмші Калдаяков агамыздын туып оскен жері мен композитордын шыгармашылыгы жонінде екі тілде бейне роликтер корсетілді. Жыл

## «Казак жырынын жезкиігі» (Ш. Калдаяковтын туганына 85 жыл)

Авторлар: спецбіб  
19.08.2015 10:55 -

---

сайынғы отетін Шәмші фестивалінін жұлделі орын иегері Ержан Темирбай композитордын әндерін накышына келтіріп орындап берді. «Үміт» мектеп интернатынын түлегі, Республикалык «Жұлдызай» балалар байкауынын 2 орын иегері, әнші және күйші Орал Махамбет Шәмші ағамыздын әндерін оқырмандарға ұсынды.

Шәмші Калдаяков жайлы түсірілген деректі фильмді оқырмандар аса назармен тамашалады. Оқу залында Шәмшіге арналған кен көлемді кітаптар көрмесі ұйымдастырылды.

Ш. Калдаяков – дарынды композитор және Казакстаннын халық әртісі. Онын шығармаларынын тақырыптык, мазмұндык ауқымы кен. Шәмші шығармаларынын қайсысын алмайык, олардын басты тақырыбы - елге, жерге, Отанга деген сүйіспеншілік. Онын әндері күлакка жағымды, жүрекке жылы қабылданады.

Оқырмандар Шәмшінін әндері орындалганда еріксіз қосылып, бірге шырқап отырды.

**(Ә. Әбжаппар – ОҚО арнайы кітапханасынын қызмет көрсету бөлімінін кітапханашысы)**

12 тамыз 2015 ж.



## «Қазақ жырының жезкігі» (Ш. Қалдаяқовтың туганына 85 жыл)

Авторлар: спецбп  
19.08.2015 10:55 -

---

